

М. О. ИМАНҚҰЛОВ, Ж. С. КЕРІМБЕК

(«Қазақ ұлттық аграрлық университеті» РМҚ, Алматы, Қазақстан)

## БАЛҚАШ ШАМПИНЬОНЫ НЕМЕСЕ САҢЫРАУҚҰЛАҒЫНЫҢ – *Agaricus balchaschensis Samg et Nam sp.nov* ӨСУ ОРТАСЫ МЕН ШЫҒУ МЕРЗІМІ

**Аннотация.** Балқаш саңырауқұлағының немесе шампиньонының – *Agaricus balchaschensis Samg et Nam sp.nov* биоцинозы, өсу ортасы мен шығу мерзімі анықталды.

**Тірек сөздер:** балқаш шампиньоны, саңырауқұлақ, өсу ортасы, шығу мерзімі, биоценоз, өсімдіктер қауымдасы, морфология, флора, спора, қалпақша, қамыс, жіпше.

**Ключевые слова:** шампиньон балхашский, биоценоз, морфология, флора, спора, мицелия, шляпка, выход, сроки плодоношения.

**Keywords:** agaricus balchaschensis, biocenosis, morphology, flora, mycelium, dispute, hat, output, timing, fruiting periods.

Балқаш шампиньоны немесе саңырауқұлағы – *Agaricus balchaschensis Sam et Nam*, шампиньондар ішіндегі жаңа түр болу ретінде шампиньондар – *Agaricus*, тұқымдасындағы Қазақстан Республикасы аумағында бірінші рет, Ғылым академиясына қарасты, Ботаника Институтының жоғарғы және төменгі сатыдағы өсімдіктер зертханасының ғылыми қызметкерлері берген ақпарат бойынша Қазақ Ғылым академиясының арнайы хабарлары журналында жария етілген [1].




1-сурет – Балқаш саңырауқұлағының жалпы көрінісі

Бұл саңырауқұлақты (шампиньонды) – *Agaricus balchaschensis* Samg et Nam sp.nov, Алматы облысы Балқаш ауданы Балқаш көлінің оңтүстік шығыс жағалауына өсуіне байланысты біздер тексере анықтап, биоценозы мен шығу ортасына мониторинг жүргізілді (1992–1994 жж.).

Тағы қайталау жұмыстары 2004–2008 жылдар аралығында биоценозын анықтау мен шығу ортасы және олардың өсімдіктер қауымдастығын, құмдауыт жерлерден бастап, қамысты ортаға жақын бұрынғы су тартылған жерлерде қамыс төңірегінде қамыс қалдығында қарашірік топырақ асты 50 см тереңдікте топталып өсетіні белгілі болды. Жоғарыда айтылған немесе зерттеулер жүргізілген ауданда негізгі өсімдіктер қауымдасы жыңғыл, шенгел, сексеуіл, жидек және тағы басқа өсімдіктер ортасы бар екені анықталды (Иманкулов, 1992, 2004).

Осы саңырауқұлақтар немесе (шампиньондар) – *Agaricus balchaschensis* Sam et Nam, Жамбыл облысы Балқаш көлінің оңтүстік жағалауында мүлде басқа өсімдіктер немесе әртүрлі топырақтар құрамында кездесетінін жазған. Бұл шампиньон морфологиясының және басқа бөлігінің ұқсастығы басқа Республикалар флорасында таралуы және кездесетіні анықталып, жазылған, бірінші, Украина Республикасында саңырауқұлақтарында сыртқы көрінісі жағынан Шампиньон многоспоровый (көпспоралы) – *Agaricus macrosporus* ұқсастығы және спорасы жағынан басқа флора шампинион түріне жақындау екендігі келтірілген – *Agaricus bitorgius* [1].



1 – Жіпшелер түрлері: а – жіпшесі; б – базидиясы; в – артроконидиясы; г – споралары; е – пряжалары; ж – трамасы

2-сурет – Саңырауқұлақ жіпшелерінің жалпы көрінісі

Морфологиялық сипаттамасы:

– Балқаш саңырауқұлағы немесе шампиньонының – *Agaricus balchaschensis* Sam et Nam, денесінің ені мен ұзындығы және үлкендігі қалпақша көлемі, 12-42 см аралығында, қалпақша ортасы басыңқы келеді, дөңгелекше тәрізді, етті, сырты жылтыр болып, оның шет жағы көп түрлерінде көтеріңкі бір біріне өте ұқсас болып келеді (1-сурет).

Берік жолақтары қалпақша астында кезектесіп орналасқан, ол бас кезде ақ, содан кейін ақшыл қызыл, кейінірек қою қара түске өзгереді.

– Аяғы 10-14 немесе 7-8 см, төмен қарай толығы немесе ісіне иілген. Өте етті, бастапқы кезінде ақшыл түстен жүргізілген реакциядан кейін, қызыл ақшыл және қара түске өтеді.

Бұл саңырауқұлақтардың иісі өте жағымды, барлық кездесетін жердегілері жеуге жарамды.

Базидиялары 2-4 споралы, түйреуіш тәрізді болып келеді. Осы шампиньонның көпшілігінің жіпшелерінде артроконидиялары бар. Спорасының өлшемі 5,1-8,5x4,2-6,3 мкм. Қоңыр түсті жұмыртқа тәрізді болып келеді (2-сурет).

– Аяғы 10-14 немесе 7-8 см, ортасында төмен қарай иілген жүзігі орналасқан. Осы жүзік астында ақшыл қызыл жолақтары бар, үстінде шұбар нүктелері кездеседі. Жалпы жүзіктің орналасуы аяқ бөлігінің 3/1 бөлігінде, өте жылжымалы болып келеді.

Біз М. В. Ломоносов атындағы ММУ биология факультетінің альгология және микология кафедрасының профессоры Л. В. Гарибова және Қазақстан Республикасының Ғылым академиясына қарасты Ботаника институтының жоғарғы және төменгі сатыдағы зертханасының ғылыми қызметкерлері және Қазақ ұлттық аграрлық университетінің биология және химия кафедрасының оқытушыларының жүргізген мониторинг зерттеулерінің нәтижесінде осы Балқаш саңырауқұлағының шығу, өсу ортасы мен шығу мерзімі және арнайы зертханалық жағдайда жіпшелерден ұлпа түрінде бөлінген штамдары анықталып жарияланған [Гарибова, Абиев, Самгина, Нам, Иманкулов, 1992].

Осы саңырауқұлақ – *Agaricus balchaschensis* Sam et Nam Алматы облысы Балқаш ауданының Балқаш көлінің оңтүстік шығыс жағалауында құмдауыт жерлерде әртүрлі өсімдіктер қауымдастығында (жыңғыл, шеңгел, сексеуіл) және қамысты жерлерде қарашірік топырақ астында 50 см тереңдікте кездесетіні анықталған. Бұл саңырауқұлақтың өсу кезеңі алдымен олар төмпешік жасай отырып жерді көтере бастайды, алдымен үлкен біреуі содан кейін екіншісі және үшіншісі шығады, сөйтіп бұл саңырауқұлақ топталып үлкен жер көлемінде көп өнімді шығуымен кездеседі.

Осы саңырауқұлақтың Қазақстан Республикасының басқа жерінде де таралуы анықталған. Д. И. Самгина 1989 жылғы мақаласында Жамбыл облысы Мыңарал станциясында, Балқаш көлінің оңтүстік жағалауында мүлдем басқа өсімдіктер қауымдастығы мен басқа топырақтар түрлері тереңдігінде кездесетінін жазған.


Ал біздің жүргізген мониторинг зерттеулеріміз бойынша 2004–2008 жылдар арасында Алматы облысы Балқаш ауданының Балқаш көлінің оңтүстік шығыс жағалауында – *Agaricus balchasehensis* Sam et Nam жүргізілді. Диаграмма, кесте нәтижесі бойынша осы саңырауқұлақтың таралу орындары мен өсу орталарының бірнеше орындары анықталды. Олар Бесшокалақ, Майтан және Құйған жерлері мен орындарында Балқаш шампиньоны көл жағалауында көп шығу мерзімімен оның көпөнімділігі көбінесе көктемде, мамыр айының ортасынан маусым айының ортасына дейін өте көп мөлшерде шығатыны, топталып өсетіні және бұл саңырауқұлақтың үлкендігі жергілікті халықты және зерттеушілерді өте қызықтырады. Тағы бұл саңырауқұлақтың шығуы күз айларында қыркүйектің ортасы мен қарашаның басында қысқа мерзімде қайталады.

Балқаш шампиньонының – *Agaricus balchaschensis* Sam et Nam шығу мерзімі

№	Айлар											
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
Балқаш шампиньоны					x	x			x	x		

Балқаш саңырауқұлағының – *Agaricus balchaschensis* Sam et Nam шығу күндері мен жалпы салмағы көрсетілген (диаграмма).

Шығу сапасы(кг.)



Қорыта келгенде, Балқаш шампиньоны немесе саңырауқұлағы – *Agaricus balchaschensis* Sam et Nam, зерттеу ауданында көктемде үш өсу ортасы мен нүктесі анықталып, әртүрлі өсімдіктер қауымдастығында ең көп және өнімді жақсы шығу мерзімі нүктесі (Бесшоқалақ нүктесінде) қамыс қауымдастығы ішінде қамыс қалдықтарында топырақ асты 50 см тереңдікте өсетіні анықталды.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Самгина Д.И., Нам Г.А. Новый вид рода *Agaricus* // ҚазССР. Акад. Хабаршысы. Биология сериясы. – 1989. – № 3. – С. 80-81.
- 2 Вассер С.П. Флора грибов Украины: Агариковые грибы. – Киев: Наук думка, 1980. – С. 226-228.
- 3 Самгина Д.И. Флора споровых растений Казахстана. Агариковые грибы – 1. Agaricales. – Т. 13. – Алматы, 1985. – С. 76-77.
- 4 Иманқұлов М.О. Балқаш саңырауқұлағы – *Agaricus balchaschensis* Sam et Nam өсетін жер топырағының механикалық құрамы // Поиск. – 2012. – 45-47 б.
- 5 Иманқұлов М.О. Балқаш саңырауқұлағының- *Agaricus balchaschensis* Sam et Nam механикалық құрамы // Известия НАН РК. Серия биол. и мед. – 2012. – № 4. – 27-29 б.
- 6 Moser M. Die Rohrlinge und Blatterpilze (Polyporales Boletales, Agaricales, Rus-sulales) // Kleine Kruptogamenflora. – Jena 1978. – Bd. 2. – 532 s.

REFERENCES

- 1 Samgina D.I., Nam G.A. Novyj vid roda *Agaricus*. ҚазССР. Акад. Хабаршысы. Биология сериясы. 1989. № 3. С. 80-81.
- 2 Vasser S.P. Flora gribov Ukrainy: Agarikovye griby. Kiev: Nauk dumka, 1980. S. 226-228.
- 3 Samgina D.I. Flora sporovyh rastenij Kazahstana. Agarikovye griby – 1. Agaricales. T. 13. Almaty, 1985. S. 76-77.
- 4 Imanqulov M.O. Balqash saңyrau құлағы – *Agaricus balchaschensis* Sam et Nam өсетін жер топырағының механикалық құрамы. Poisk. 2012. 45-47 б.
- 5 Imanqulov M.O. Balqash saңyrau құлағының- *Agaricus balchaschensis* Sam et Nam механикалық құрамы. Izvestija NAN RK. Serija biol. i med. 2012. № 4. 27-29 б.
- 6 Moser M. Die Rohrlinge und Blatterpilze (Polyporales Boletales, Agaricales, Rus-sulales). Kleine Kruptogamenflora. Jena 1978. Bd. 2. 532 s.

## Резюме

*М. О. Иманкулов, Ж. С. Керимбек*

(РГП «Казахский национальный аграрный университет», Алматы, Казахстан)

ШАМПИНЬОН БАЛХАШСКИЙ *Agaricus balchaschensis Samg et Nam sp.nov.*  
СРЕДА И СРОКИ ПЛОДОНОШЕНИЯ

В статье описан новый вид гриба Шампиньон балхашский – *Agaricus balchaschensis Sam et Nam*, его биоценозы, сроки плодоношения и выход плодовых тел, для которых оптимальным является весна, середина мая и июня, появляющиеся на остатках камыша, на глубине почвы до 50 см.

**Ключевые слова:** шампиньон балхашский, биоценоз, морфология, флора, спора, мицелия, шляпка, выход, сроки плодоношения.

## Summary

*M. O. Imankulov, Zh. S. Kerimbek*

(RSE «Kazakh national agrarian university», Almaty, Kazakhstan)

CHAMPIGNON BALKHASH *Agaricus balchaschensis Samg et Nam sp.nov.*  
ENVIRONMENT AND TIME OF FRUITING

In this article the new species of a mushroom the Field mushroom Balkhash – *Agaricus balchaschensis Sam et Nam*, its biocenoses, terms of fructification and an exit of fruit bodies for which the spring, the middle of May and the June, appearing on the cane remains, at a depth of soil up to 50 cm is optimum is described.

**Keywords:** agaricus balchaschensis, biocenosis, morphology, flora, mycelium, dispute, hat, output, timing, fruiting periods.

*Поступила 20.05.2014 г.*